



КӨНЕ ТАРИХ КУӘСИНДЕЙ...





Майя ИСАКАЕВА,

С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасы кітап қорын
сақтау бөлімінің меңгерушісі

С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы күрделі жөндеуден өтіп, өткен жылдың аяғында оқырман қауымды қайта қабылдай бастаған еді. Осылай, кітапханамыз жаңарып жабдықталып, қазіргі заманға сай мәдениет ошағына айналды. Ең бастысы, мұнда жаңа бөлімдер ашылып, қатысушылардың барлығына да жағдай жасалуда.

Жаңарған кітапханадағы жаңа бастаманың бірі – сирек кітаптар залының ашылуы. Залда көне заманнан келе жатқан басылымдар, әдебиет, ғылым мен өнер классиктерінің қолтаңбалары қойылған кітаптар, қазақ және орыс тілдеріндегі тарихи құжаттар жинақталған. Олар әр түрлі жүйедегі мынадай топтамалардан тұрады: «XIX ғ. соңы мен XX ғ. ортасында шыққан басылымдар», «Қазақ тіліндегі баспасөз», «Қазақстан туралы кітаптар», «Факсимильді және репринтті басылымдар», «Миниатюралық басылымдар» және «Қолтаңбалы кітаптар».

XIX ғ. соңы мен XX ғ. ортасында шыққан басылымдар – ол Брокгауз және Ефронның (1892-1902) «Энциклопедиялық сөздіктері», «Народная энциклопедия научных и прикладных знаний» (1910-1912), «Детская энциклопедия» (1914), Н. Бухарин және В. Куйбышев өңдеген «Большая Советская энциклопедия», 1910 жылдан 1915 жылға дейін шыққан ағайынды Гранаттардың жеті басылымдық «Энциклопедиялық сөздігі», француз тарихшысы Ли Генри Чарльстің «История инквизиции в средние века» (1912), 1928 жылы шыққан өлке туралы «Павлодарский уезд Семипалатинской губернии по административному делению на 1-е января 1927 года» және басқа да басылымдар бар. Ал Г. Н. Потаниннің көзі тірісінде жарық көрген «Очерки Северо-Западной Монголии» (1883) атты еңбегі аса бағалы туындылар қатарына қосылған.

«Қазақ баспасөзі және Қазақстан туралы кітаптар» коллекциясына кірістірілген кітаптар – мазмұны жағынан өте қызықты әдебиеттер. Соның ішінде 200-ден аса дереккөздер көрсетілген. Осы қорда Ф. М. Достоевскийдің латын әліпбиімен басылған қазақ тіліндегі «Бедные люди» (Dostoejbskij P.M. Wejsachalach – Алматы, 1935 г.) романы, революция кезіндегі жастар қозғалысы жырланған «ӨLEN-ӨNDER» (Алматы, 1939 ж.) жинағы сақталған.

1785-1928 жылдар аралығын айқын бейнелейтін «Материалы по истории Казахской ССР» атты тарихи жазбамен қатар, 1917 жылы шыққан «Сельскохозяйственный обзор Семипалатинской области за 1915 год», Орынборда басылған «Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики» 30-40 жылдар аралығын қамтитын статистикалық есептер және «Почвенные исследования Центрального Казахстана» тәрізді тақырыптық материалдардың қажеттілігін өлке тарихын зерттейтін ғалымдар мен мамандар ғана ұғынады. Сонымен қатар, 1946 жылы жыр алыбы – Жамбылдың 100 жылдығына байланысты жарыққа шыққан шығармалар жинағы да ерекше орынға ие.

Кішкентай кітапшаларсыз сирек кездесетін кітап қорын елестету мүмкін емес. Мұнда 150-ге жуық басылым болса, сол қатарда Ж. Молдағалиевтың қазақ және орыс тілдеріндегі «Мен қазақпын» поэмасы, «Абай жолы» романынан «Песня Татьяны в степи», Ф. Мүсіреповтың «Майрасы» және басқа да кітапшаларды атап көрсете аламыз. Сирек кездесетін қорда 100-ден аса қолтаңбалы кітап қойылған. Айталық, әйгілі қазақстандық және жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары, соның ішінде ұлы ақын Шәкәрімнің баласы Ахат Құдайбердиев қалдырған қолтаңбалы кітап та сақтаулы тұр.

Жалпы, бұл кітаптарды жинақтап, іріктеу жұмысы 1991 жылы басталған. Қазіргі таңда сирек кездесетін кітап қоры 2000-ға жуық дананы құрайды. Сирек кітаптар залы оқырмандардың жұмыс жасауына зор мүмкіндік туғызды. Әр оқырманға жұмыс орны ұйымдастырылып, компьютермен жабдықталды. Сирек кітаптар залында оқырмандардың қорға ашық енуіне мүмкіндік жасалған. Оқырмандар туындының түпнұсқаларымен және олардың электронды көшірмелерімен жұмыс істей алады.

Сирек кітаптар залының міндеті – жазба ескерткіштерді жинақтап, сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу әрі насихаттау, сондай-ақ сол қазынаға қол жөтерліктей етіп жағдай жасау.